

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізілген күні: 26 мамыр 2025 ж.

Қатысқан педагогтар саны: 10 педагог, медбике

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы»

КҮН ТӘРТІБІ

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
 2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысы, денсаулық жайын анықтау, салыстырмалы бақылау
 3. Диагностикалық есеп:
I. Оқу жылы бойынша балабақшаның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.
II. Тәрбиешілер мен пән мамандарының шығармашылық есебі
 4. Ересек топтың жай-күйін кешенді бақылау қорытындысы
 5. Қорытынды, 2 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы
 6. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
 7. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»
 8. Өртүрлі. Жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар.
- Марапаттау, мадақтау

1-МӘСЕЛЕ

№4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Амирова Г.Х. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына талдау жасап, жүргізілген жұмыстардың нәтижелерімен таныстырды. Педагогикалық кеңестің бірінші мәселесі бойынша педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарларының орындалуы зерделенді. Барлық педагогтер жеке жоспарларына сәйкес әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жүргізіп, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысып, кәсіби шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстар атқарған. Өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша тәжірибелері жинақталып, әдістемелік қор толықтырылған.

Екінші мәселе бойынша «Мектеп жасына дейінгі балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беру әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы іс-тәжірибелер білім беру процесіне енгізіліп, балалардың бойында мейірімділік, сыйластық, қамқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілген. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік іс-шаралар, әңгімелер, ойындар мен көркем әдебиет туындылары кеңінен қолданылған.

Үшінші мәселе бойынша топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражайлар ұйымдастырылып, ұлттық тұрмыстық бұйымдар, қолөнер туындылары, ұлттық киімдер мен музыкалық аспаптар қойылған. Педагогтер мұражай материалдарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді пайдаланып, балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру жұмыстарын жүргізген.

Төртінші мәселе бойынша өткізілген «Адамгершілік иірімдері» тренингі педагогтердің рухани-адамгершілік құндылықтар туралы көзқарастарын кеңейтіп, ұжым мүшелерінің өзара қарым-қатынасын нығайтуға ықпал еткен.

Бесінші мәселе бойынша режимдік сәттердің ұйымдастырылуына бақылау жүргізіліп, ұйқыдан ояту жұмыстары, ұйқыдан кейінгі гимнастика, шынықтыру шаралары және түскі ас кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстары талапқа

сай ұйымдастырылғаны анықталды. Шынықтыру шараларында ұлттық ойындарды пайдалану тәжірибесі кеңейтіліп, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі мен ұлттық құндылықтарға қызығушылығы артқан.

Сонымен қатар ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата-аналар жиналыстары, кеңестер, ашық есік күндері және бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік байланыс нығайтылған.

Жүргізілген бақылау мен талдау нәтижелері бойынша №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің басым бөлігі толық орындалғаны анықталды. Жекелеген бағыттар бойынша жұмыстарды жетілдіру және жаңа оқу жылында жалғастыру ұсынылды.

Сөйледі: Әдіскер педагогтардың жылдық жоспарды орындауда жауапкершілік танытқанын атап өтті. Кейбір бағыттар бойынша жұмысты жалғастыру қажеттілігіне тоқталды.

2-МӘСЕЛЕ

Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы мен денсаулық жағдайына салыстырмалы талдау

Тыңдалды: Медбике Атамас Н.Ю. балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіштері мен денсаулық жағдайына жүргізілген мониторинг қорытындысын таныстырды. 2024–2025 оқу жылы ішінде тәрбиеленушілердің келуі тұрақты бақылауда болды. Жүргізілген талдау нәтижесінде балалардың орташа қатысу көрсеткіші 87%-ды құрады. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсетті. Денсаулық сақтау жұмыстары жүйелі жүргізілді. Балаларға күнделікті таңертеңгілік сүзгі ұйымдастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы қадағаланды. Таза ауадағы серуендер, шынықтыру шаралары, дене шынықтыру сабақтары тұрақты өткізілді. Аурушандықтың негізгі себептері маусымдық вирустық инфекциялар болғанымен, алдын алу жұмыстарының нәтижесінде жалпы сырқаттану көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда төмендеген.

Сөйледі: Тәрбиешілер балалардың қозғалыс белсенділігі артып, дене дамуының көрсеткіштері жақсарғанын айтты.

3-МӘСЕЛЕ

Диагностикалық есеп

I бөлім. Оқу жылы бойынша балабақшаның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

Тыңдалды: Әдіскер Едильбаева Б.А. оқу жылы бойынша жүргізілген білім беру жұмыстарына талдау жасады. Балалардың бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылып, барлық білім беру салалары бойынша оң динамика анықталды. Балалардың көпшілігі жас ерекшелігіне сәйкес күтілетін нәтижелерге қол жеткізген.

Жетістіктер:

- Балалардың танымдық белсенділігі артты;
- Сөйлеу мәдениеті жақсарды;
- Шығармашылық қабілеттері дамыды;
- Ата-аналармен серіктестік нығайды;
- Педагогтердің кәсіби деңгейі көтерілді;
- Қалалық және аудандық іс-шараларға белсенді қатысу қамтамасыз етілді.

Кемшіліктер:

- Кейбір тәрбиеленушілердің байланыстырып сөйлеу дағдылары жеткіліксіз;
- Жекелеген балалармен түзету жұмыстарын күшейту қажет;

- Дамытушы ортаның кейбір жабдықтарын жаңарту қажеттілігі туындады.

II бөлім. Тәрбиешілер мен пән мамандарының шығармашылық есебі

Тәрбиешілер өздерінің жыл бойы атқарған жұмыстары жөнінде есеп берді. Балалармен жүргізілген жобалар, шығармашылық жұмыстар, көрмелер, мерекелік шаралар мен байқаулар таныстырылды.

4-МӘСЕЛЕ

Ересек топтың жай-күйін кешенді бақылау қорытындысы

Тыңдалды: Әдіскер Едильбаева Б.А. мектепалды топта жүргізілген кешенді бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау барысында оқу қызметінің ұйымдастырылуы, балалардың білім, білік, дағдылары, топтың дамытушы ортасы, құжаттардың жүргізілуі және ата-аналармен жұмыс деңгейі зерттелді. Нәтижесінде топтағы тәрбиелеу-білім беру жұмыстары мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды. Балалардың мектепке даярлық деңгейі жақсы нәтиже көрсетті. Топтағы пәндік-дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған.

5-МӘСЕЛЕ

Қорытынды, 2 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы

Тыңдалды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу -Ағарту Министрлігі Балаларды ерте дамыту институтымен әзірленген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттама) негізінде жүргізілді.

6-МӘСЕЛЕ

Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту

Тыңдалды: Меңгеруші Амирова Г.Х. жазғы сауықтыру жоспарын таныстырды. Жоспарға балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған спорттық мерекелер, серуендер, ойындар, су процедуралары, күн және ауа ванналары енгізілген. Сонымен қатар экологиялық тәрбие беру, табиғатты бақылау, еңбек әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстары қарастырылған.

7-МӘСЕЛЕ

Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру ережелері

Тыңдалды: Медбике Атамас Н.Ю. жаз мезгіліндегі шынықтыру жұмыстарының негізгі талаптарын түсіндірді. Шынықтыру шаралары балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Барлық жұмыстар медициналық бақылаумен жүргізіледі. Балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылып, күн сәулесінде болу уақыты мен су процедураларының ұзақтығы қадағаланады.

8-МӘСЕЛЕ

Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Меңгеруші Амирова Г.Х. жылдық жұмыс жоспарына енгізілетін өзгерістер туралы ұсыныстарды қарастырды. Сонымен қатар оқу жылы бойы белсенділік танытқан педагогтарды марапаттау мәселесі талқыланды. Педагогтердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық белсенділігі жоғары бағаланып, алғыс хаттар мен мадақтамалар беру ұсынылды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ҚАУЛЫСЫ:

- "Еркемай" жеке бөбекжайының директоры

Г.Амирова



АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы мен денсаулық жағдайына салыстырмалы талдау

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің балабақшаға қатысу көрсеткіштері мен денсаулық жағдайын талдау, аурушандық деңгейін анықтау және балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың тиімділігін бағалау.

Өткізілген мерзімі: мамыр 2025 жыл

Бақылауды жүргізген: меңгеруші Амирова Г.Х., медбике Атамас Н.Ю.

Балабақшада 2024–2025 оқу жылында 4 топта барлығы 90 тәрбиеленуші қамтылды. Балалардың қатысуы мен денсаулық жағдайына жүргізілген салыстырмалы талдау медициналық құжаттар, келу табельдері, аурушандық көрсеткіштері және медициналық-педагогикалық бақылау нәтижелері негізінде жүзеге асырылды.

Балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіштері

Оқу жылының басында тәрбиеленушілердің балабақшаға қатысу көрсеткіші орта есеппен 87%-ды құрады. Жыл соңында бұл көрсеткіш 92%-ға дейін жоғарылады. Талдау нәтижесінде ересек топ тәрбиеленушілерінің қатысу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Бұл ата-аналардың жауапкершілігінің артуымен және балалардың балабақшаға бейімделуінің жақсы деңгейімен байланысты.

Балалардың денсаулық жағдайына талдау

Оқу жылы барысында балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді:

- күнделікті таңертеңгілік жаттығулар;
- дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері;
- таза ауадағы серуендер;
- шынықтыру шаралары;
- денсаулық күндері;
- спорттық ойын-сауықтар мен мерекелер;
- дәрумендендіру жұмыстары;
- санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы.

Медициналық бақылау нәтижесінде балалардың басым бөлігінің физикалық даму көрсеткіштері жас ерекшелігі нормасына сәйкес екендігі анықталды.

Аурушандық көрсеткіштері

Оқу жылы ішінде балалар арасында негізінен:

- жіті респираторлық вирустық инфекциялар;
- тұмау;
- маусымдық суық тию аурулары тіркелді.

Көрсеткіш	I жартыжылдық	II жартыжылдық
Ауру жағдайлары	18	10
Ауру себебінен босатылған күндер	126	72
ЖРВИ жағдайлары	14	8
Басқа аурулар	4	2

Салыстырмалы талдау нәтижесінде екінші жартыжылдықта аурушандық көрсеткішінің төмендегені байқалды. Ауру жағдайлары 44%-ға азайған.

Медициналық-педагогикалық жұмыстардың нәтижесі

Балалардың антропометриялық өлшемдерін (бойы мен салмағын) салыстыру нәтижесінде тәрбиеленушілердің дене дамуының тұрақты оң динамикасы байқалды.

Балалардың:

- қозғалыс белсенділігі артқан;
- мәдени-гигиеналық дағдылары жақсарған;
- дене шынықтыру іс-әрекеттеріне қызығушылығы жоғарылаған;
- салауатты өмір салты туралы түсініктері кеңейген.

Жетістіктер

- Балабақшаға қатысу көрсеткіші оқу жылы соңында жоғарылады;
- Аурушандық деңгейі төмендеді;
- Денсаулық сақтау технологиялары жүйелі қолданылды;
- Балалардың дене дамуы жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;
- Ата-аналардың денсаулық сақтау мәселелеріне жауапкершілігі артты.

Анықталған мәселелер

- Кейбір ата-аналардың балаларды ауру белгілерімен балабақшаға әкелу жағдайлары кездеседі;
- Маусымдық аурулардың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауды қажет етеді;
- Жеке шынықтыру жұмыстарын қажет ететін тәрбиеленушілер бар.

Қорытынды: Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде балалардың балабақшаға қатысу көрсеткіштері тұрақты жоғары деңгейде екендігі және денсаулық жағдайының оң динамикасы байқалғаны анықталды. Балабақшада жүргізілген сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану және ата-аналармен жүргізілген түсіндіру жұмыстары балалардың денсаулығын нығайтуға оң әсерін тигізді.

Ұсыныстар:

1. Денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолдануды жалғастыру.
2. Ата-аналар арасында аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту.
3. Шынықтыру шараларының түрлерін көбейту.
4. Балалардың қатысу көрсеткішін тұрақты бақылауда ұстау.
5. Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жалғастыру.

Медбике

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЕСЕП

«Еркемай» балабақшасының 2024–2025 оқу жылы бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытынды талдау есебі

I. Жылдық міндеттердің орындалуына талдау

2024–2025 оқу жылында бөбекжай ұжымы алдына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Денсаулық сақтау технологиялары арқылы тәрбиеленушілер мен ата-аналардың қауіпсіз және салауатты өмір салтын сақтау дағдыларын қалыптастыру.
2. Ұлттық тәрбие арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Жыл бойы аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жүйелі жұмыстар ұйымдастырылып, жоспарланған іс-шаралар толық орындалды.

II. Денсаулық сақтау технологиялары бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытындысы

Жылдық жоспарға сәйкес балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру бағытында көптеген іс-шаралар өткізілді.

- Қыркүйек айында «Денсаулық еліне саяхат» атты Денсаулық күні ұйымдастырылды. Іс-шара барысында балалар денсаулықтың маңызы туралы түсініктерін кеңейтіп, қимылды ойындарға белсенді қатысты.

- Қазан айында «Көңілді алақандар» сауықтыру шарасы өткізілді. Балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар жүргізіліп, дене белсенділігі арттырылды.

- Қараша айында «Ғажайып доптар» спорттық ойын-сауығы ұйымдастырылды. Балалар доппен орындалатын жаттығуларды меңгеріп, ептілік пен шапшаңдық дағдыларын жетілдірді.

- Желтоқсан айында «Көңілді эстафета» денсаулық күні өткізілді. Командалық ойындар арқылы балалардың ұйымшылдығы мен өзара көмек көрсету дағдылары қалыптасты.

- Қаңтар айында «Біз шыныққан баламыз» сауықтыру іс-шарасы және «Қысқы олимпиада» спорттық мерекесі ұйымдастырылды. Қысқы ойын түрлері арқылы балалардың төзімділігі мен қимыл-қозғалыс белсенділігі дамытылды.

- Ақпан айында «Дені саудың – жаны сау» денсаулық күні өткізілді. Балалар салауатты өмір салты туралы білімдерін толықтырды.

- Сәуір айында «Халықаралық денсаулық күні» ұйымдастырылып, балалардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындар мен жарыстар өткізілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің мәдени-гигиеналық дағдылары жақсарып, дене шынықтыруға қызығушылығы артты. Балалардың қозғалыс белсенділігі жоғарылап, шынықтыру шараларына тұрақты қатысу дағдылары қалыптасты.

III. Коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстарының қорытындысы

Балалардың байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын дамыту мақсатында ашық көрсетілімдер мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. «Ойыншықтар дүкені», «Ертегілер еліне саяхат» тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Балалар еркін сөйлеуге, сұрақтарға толық жауап беруге және өз ойларын жеткізуге жаттықты. «Шалқан» ертегісі сахналанып, тәрбиеленушілердің рөлге ену, сахна мәдениеті және топпен жұмыс жасау дағдылары дамыды. 5 қыркүйек – Тілдер мерекесіне арналған «Тілдер мерекесі» атты танымдық шара ұйымдастырылды. Балалар ана тіліне құрмет көрсетуге тәрбиеленді. Қазан айында «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік кеш өткізілді. Балалар өлең айтып,

үлкендерді құрметтеу жөнінде түсініктерін көрсетті. Сонымен қатар «Кітап – баланың досы» көрмесі, «Қазақ халық ертегісі» тақырыбында шаралар өткізілді.

Нәтижесінде балалардың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу қабілеті дамыды, шығармаларды мазмұндау және көркем сөзді түсіну деңгейі артты.

IV. Танымдық және зерттеушілік қызмет бойынша қорытынды

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында «Ұзын - қысқа, биік - аласа, артық - кем», «Геометриялық пішіндер», «Дөңгелек» тақырыптарында ашық көрсетілімдер өткізілді. «Қағаздың қасиеті» тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылды. «Білекті бірді, білімді мыңды жығар» сайысы өткізілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің бақылау, салыстыру, қорытынды жасау, зерттеу әрекеттерін орындау дағдылары қалыптасты.

V. Шығармашылық дағдыларды дамыту қорытындысы

Қазан айында «Күзгі қиял» көрмесі өткізілді. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұсынылып, балалардың шығармашылық қабілеттері дамытылды. Желтоқсан айында «Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгілігі ұйымдастырылды. Балалар ән айтып, би билеп, көркем өнерлерін көрсетті. Қаңтар айында «Қар қалашығы» көрмесі өткізілді. Ата-аналар мен балалар бірлесіп қысқы мүсіндер жасады. Наурыз айында «Қазақ қолөнері» көрмесі ұйымдастырылып, ұлттық бұйымдар көрмеге қойылды. Наурыз мерекесіне арналған «Ұлыстың ұлы күні» ертеңгілігі жоғары деңгейде өтті. Балалар ұлттық ойындар ойнап, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысты.

Нәтижесінде балалардың эстетикалық талғамы қалыптасып, шығармашылық белсенділігі артты.

VI. Әлеуметтік-адамгершілік тәрбие жұмыстары

Қазан айында «Мен әдепті баламын» ойын-сауық шарасы өткізілді. Балалар әдептілік ережелерін меңгерді. Ақпан айында «Сақ бол, көктайғақ!» іс-шарасы ұйымдастырылып, қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. «Жол және біз», «Достық әлемі», «Менің отбасым», «Мейірімді жүрек», «Туған өлкем – мақтанышым» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шарада балалар достық пен татулық туралы өлеңдер оқыды. 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған іс-шарада тәрбиеленушілер батырларды еске алып, патриоттық әндер орындады. Нәтижесінде балалардың патриоттық сезімі, үлкендерді құрметтеу және достық қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасты.

VII. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы

Жыл ішінде «Мектепке дейінгі балалардың дамуына бағытталған жұмыстар жүйесі», «Отбасылық жобалар – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің қуатты құралы», «Тұлғаның қалыптасу негізі – балабақша мен ата-ана ынтымақтастығында» тақырыптарында жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілді. «Жан жылуын сыйлаймыз» тренингі ұйымдастырылып, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігі арттырылды. Ашық есік күндері өткізілді. Ата-аналар оқу-тәрбие процесімен танысып, педагогтердің жұмысына оң бағасын берді. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың бөбекжай қызметіне қанағаттану көрсеткіші жоғары деңгейде болды.

Қорытынды: 2024–2025 оқу жылында жоспарланған барлық негізгі іс-шаралар толық көлемде орындалды. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында оң нәтижелерге қол жеткізілді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналармен ынтымақтастық орнату және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Алдағы оқу жылында инновациялық технологияларды енгізу, зерттеушілік қызметті жетілдіру және ұлттық тәрбие бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда.

VIII Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету

Денсаулықты нығайту бойынша жұмыс нақты ұйымдастырылған, дене шынықтыру-сауықтыру процесі арқылы көп көңіл бөлінеді. Балабақшадағы емдеу - сауықтыру жұмыстары суық тию, тұмау және ЖРВИ-мен сырқаттанушылықты талдау негізінде құрылды, олардың көрсеткіштері күзгі-қысқы-көктемгі кезеңде артады. Бөбекжай ұжымында баланың денсаулығына, жан саулығына жалпы өмірін сақтауға көп көңіл бөлініп қамқорға алынады. Балабақшада үздіксіз шынықтыру, сауықтыру шаралары жүргізілді.

Ас мәзіріне дәрумендерді тағамдарды молырақ қосу қарастырылған. Бөбекжай медбикесі мезгілінде жасалатын алдын - ала екпелердің уақытында орындалуын қадағалап, кесте бойынша әр апта сайын Ақжайық ауылдық емханасының дәрігерлері балаларды қарап, тексеріс жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға үй жағдайында аурудың алдын-алу, қауіпсіздік шаралары жөнінде ақыл- кеңестер берілді. Күнделікті өмірде мәдени-гигиеналық шараларды орындау, күннің I және II жартысындағы шынықтыру шаралары, қимылды ойындар, жаттығулар, серуенді ұйымдастыру мақсатты түрде үздіксіз ұйымдастырылады.

Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту және шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығын, жарақат алуын кеміту бағытында жасалған жағдай жағымды жетістіктерге жеткізді. Жыл бойы бала денсаулығын нығайту шынықтыру-сауықтыру және ұйымдастыру жұмыстары атқарылды: таза ауада қабылдау, күнделікті серуендер, ертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар, дене шынықтыру іс-әрекеттері, спорттық, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру ойын- сауықтары, денсаулық күні, дене шынықтыру мерекелері. Оқу жылында екі рет күз және көктемде балалардың антропометриялық өлшемдері (бой, салмақ өлшеу) алынды.

IX Балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейін талдау

2024 - 2025 оқу жылында Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау мониторингі: бастапқы, аралық, қорытынды (қыркүйек, қаңтар, мамыр айында) мониторинг жұмыстары ересек топ тәрбиеленушілерімен жүргізілді.

ҚР білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» ұсынған Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары (2024ж. 5 қаңтар №1 хаттама) басшылыққа алынды.

Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 5 бағытына қарай үш деңгейі болуы қарастырылып, бала жетістіктерінің мониторингі жас ерекшеліктеріне қарай іске асырылды. Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау жүргізіліп, нәтижелері бойынша жиынтық есебі шығарылды.

Тәрбиеленушілердің білім, білік дағдалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейін әр диагностика нәтижесі негізінде бес дағды бойынша бақылау парағы мен жеке даму картасы толтырылып жұмыстанылды. Ересек тобы тәрбиеленушілері стандарт талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толық игерді.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту, бағдарламаны меңгерту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттері, жеке түзету жұмыстары, күнделікті іс-әрекетте тапсырмалар, ойындар т.б. жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жылында барлық балаларға жеке даму картасы толтырылып, сол бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. Жаз мезгілінде меңгерген дағдыларын пысықтау, қайталау, жетілдіру мақсатында жұмыстар жалғастырылды.

Тәрбиешілердің ата-аналарымен өзара байланыс

Оқу жылы барысында отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және бала тәрбиесіндегі серіктестікті дамыту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту мақсатында мерекелік ертеңгіліктер, спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар, ашық есік күндері, кеңестер мен сауалнамалар ұйымдастырылды. Ата-аналарға арналған «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Сақтаныңыз, тұмау!», «Ұйқыдан оянған баланы шынықтыра білеміз бе?», «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы», «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыптарында баяндамалар оқылып, кеңестер, жаднамалар мен ақпараттық парақшалар таратылды. Топтарда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес сауалнамалар жүргізіліп, олардың қорытындылары ата-аналар жиналыстарында талқыланды. Денсаулық сақтау және қауіпсіздік мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп, «Төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсету», «Денсаулық – зор байлық», «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі», «Бала қауіпсіздігі» тақырыптарында жылжымалы бүктемелер мен ақпараттық бұрыштар рәсімделді.

Жыл бойы «Бала тәрбиесі – ортақ міндетіміз», «Бір шаңырақ астында», «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыптарында жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілді. Ашық есік күндері барысында ата-аналар ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысып, балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының мазмұнымен танысты. Мерекелік іс-шаралар аясында Наурыз мерекесіне арналған ұлттық қолөнер көрмесі, «Күз сыйы» шығармашылық көрмесі, жаңа жылдық қолөнер бұйымдары көрмесі, «Анашым – аяулы жан» сурет көрмесі және отбасы құндылықтарын насихаттайтын түрлі байқаулар ұйымдастырылды. Ата-аналар аталған шараларға белсенді қатысып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолдау көрсетті. Жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде ата-аналардың басым бөлігі балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының сапасына, педагогтердің кәсіби қызметіне және балаларға жасалған қолайлы ортаға жоғары баға берді. Ата-аналардың пікірінше, балабақшада тәрбиеленушілердің психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік дамуына қажетті жағдайлар толық жасалған. Балалардың балабақшаға қызығушылықпен келуі мен жағымды көңіл күйі де ата-аналар тарапынан оң бағаланды. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың қанағаттану деңгейі 100%-ды құрады. Бұл көрсеткіш балабақша ұжымы мен ата-аналар арасындағы өзара сенімнің, ынтымақтастықтың және сапалы білім беру мен тәрбиелеу жұмысының нәтижелі жүзеге асырылып отырғанын көрсетеді.

Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайларына талдау:

Балабақшаның жобалық қуаттылығы 100 балаға есептелген, балалардың жас кезеңдеріне сәйкес 7 топ құрылды. Ғимарат бір қабатты тастан салынған. Жалпы алаңы - 509м²; Балабақшада жалпы 25 бейне бақылау орналасқан. Оның 11 бейне бақылауы бөбекжай ауласына қарайды және 14 бейне бақылау балабақша топтарында, кабинеттерде орналасқан. Балабақшада арнайы жабдықталған медициналық кабинет пен оқшаулағыш бұрышы бар. Өртке қарсы сақтандыру жүйесі орнатылған. Балабақша ауласы ойын алаңымен жабдықталған: әткеншек, сырғанақ, құмсалғыш т.б.

I. Оқу жылы бойынша балабақшаның жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

2024–2025 оқу жылында балабақшада 90 тәрбиеленушіге білім беру және тәрбиелеу қызметі көрсетілді. Оқу-тәрбие жұмыстары жылдық жоспардың екі негізгі міндеті бойынша ұйымдастырылды: тәрбиеленушілер мен ата-аналардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық тәрбие арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту.

Жетістіктер

- Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында денсаулық күндері, дене шынықтыру сауық-кештері, спорттық мерекелер және шынықтыру шаралары жүйелі өткізілді.
- «Дәрумендер бізде қонақта», «Тазалық – денсаулық кепілі» денсаулық күндері ұйымдастырылды.
- «Ғажайып доптар», «Көңілді эстафета», «Ғарышқа саяхат», «Әскери жаттығу» сауық-кештері өткізілді.
- «Қысқы Олимпиада», «Толағай» спорттық мерекелері жоғары деңгейде ұйымдастырылды.
- Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық ойындары», «Ұлттық оюлар» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді.
- Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражайлар ұйымдастырылып, ұлттық бұйымдармен толықтырылды.
- Балалардың білім, білік және дағдыларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды. Мектепалды топ тәрбиеленушілері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын толық меңгерген.
- Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, жалпы және топтық жиналыстар, кеңестер, спорттық сайыстар, көрмелер және ашық есік күндері өткізілді. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың қанағаттану деңгейі 100%-ды құрады.
- Педагогтердің кәсіби дамуы бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді. Кемшіліктер
- Кейбір тәрбиеленушілердің байланыстырып сөйлеу және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын жетілдіру қажет.
- Танымдық-зерттеу әрекеттерінде балалардың дербестігін дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет.
- Топтардағы дамытушы ортаны жаңа дидактикалық материалдармен толықтыру қажеттілігі байқалды.
- Ұлттық мұражай бұрыштарын жүйелі жаңартып отыру жұмыстары жетілдіруді қажет етеді.

Қорытынды: Жылдық жоспардың негізгі міндеттері орындалды. Балалардың даму көрсеткіштерінде оң нәтиже байқалды, педагогтердің кәсіби белсенділігі артты, ата-аналармен серіктестік байланыс нығайды.

II. Тәрбиешілер мен пән мамандарының шығармашылық есебі

Оқу жылы барысында педагогтер өз білімін жетілдіру жоспарлары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді.

- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді;
- Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестерде тәжірибе таратылды;
- Ұлттық тәрбие мен денсаулық сақтау технологиялары бойынша презентациялар, баяндамалар дайындалды;
- «Шығармашылық апталығы» ұйымдастырылып, педагогтердің үздік тәжірибелері көрсетілді;
- Ата-аналармен бірлескен көрмелер, шеберлік сағаттары және спорттық іс-шаралар өткізілді.

Педагогтердің шығармашылық жұмыстары оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға және балабақшаның жылдық міндеттерін орындауға оң ықпал етті.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

АНЫҚТАМА

«Мектепалды топтың жай-күйін кешенді бақылау қорытындысы»

Кешенді бақылаудың мақсаты – ересек топтағы оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылу сапасын, тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының даму деңгейін, педагогтің кәсіби қызметін, дамытушы ортаның жағдайын және ата-аналармен жұмыстың тиімділігін анықтау. Бақылау барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, режимдік сәттердің орындалуы, балалардың даму мониторингі, топ құжаттамалары, дамытушы орта және ата-аналармен жұмыс бағыттары зерделенді.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейі

Мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдылары жас ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан.

Білім беру саласы	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Коммуникативтік дағдылар	96%	4%	0%
Танымдық дағдылар	92%	8%	0%
Шығармашылық дағдылар	92%	8%	0%
Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар	96%	4%	0%
Дене дамуы	98%	2%	0%

Төмен деңгейдегі тәрбиеленушілер анықталған жоқ. Балалардың басым бөлігі жоғары деңгей көрсеткен. Әсіресе әлеуметтік-эмоционалдық даму саласында жоғары нәтижелер байқалды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективалық жоспарға сәйкес жүргізіледі. Педагог балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын технологияларын, дамытушы ойындарды, көрнекіліктерді және зерттеу элементтерін тиімді қолданады.

Балалар сұрақтарға толық жауап беріп, өз ойларын жеткізе алады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық құндылықтарды насихаттау және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттары қамтылған.

Дамытушы орта

Топ бөлмесі санитарлық талаптарға сәйкес жабдықталған.

Топта:

- оқу және ойын орталықтары;
- кітап бұрышы;
- шығармашылық аймақ;
- ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай;
- танымдық және дидактикалық материалдар ұйымдастырылған.

Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және білім беру міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Режимдік сәттердің ұйымдастырылуы

Күн тәртібі талапқа сай орындалады.

Балалар:

- мәдени-гигиеналық дағдыларды сақтайды;
- өзіне-өзі қызмет көрсету әрекеттерін орындайды;
- шынықтыру шараларына белсенді қатысады;
- ұлттық ойындарға қызығушылық танытады.

Ұйқыдан кейінгі гимнастика мен сауықтыру шаралары жүйелі өткізіледі.

Ата-аналармен жұмыс

Топта ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған.

Оқу жылы барысында:

- ата-аналар жиналыстары;
- ашық есік күндері;
- кеңестер;
- жеке әңгімелесулер;
- бірлескен көрмелер мен іс-шаралар өткізілген.

Ата-аналар тәрбиелеу мен оқыту процесіне белсенді қатысады.

Құжаттаманың жүргізілуі

Топ құжаттары нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі.

- Перспективалық жоспар;
- циклограмма;
- мониторинг материалдары;
- балалардың жеке даму карталары уақытылы толтырылған.

Анықталған кемшіліктер

- Кейбір тәрбиеленушілердің байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру қажет;
- Танымдық-зерттеу жұмыстарында балалардың дербестігін арттыру жұмыстары жалғастыруды қажет етеді;
- Дидактикалық материалдарды жаңарту және толықтыру ұсынылады.

Қорытынды: Мектепалды топтағы оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған. Балалардың даму көрсеткіштері мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес келеді. Педагог оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастырып, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасаған.

Ұсыныстар:

1. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту жұмыстарын күшейту.
2. Танымдық-зерттеу әрекеттерінде балалардың дербестігін арттыру.
3. Дамытушы ортаны жаңа материалдармен толықтыру.
4. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жалғастыру.
5. Мониторинг нәтижелері негізінде жеке жұмыстар жүргізу.

Бақылау жүргізген Едильбаева Б.А.

«Еркемай» балабақшасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есебі. 2024-2025 оқу жылы

Мониторинг жүргізу мерзімі: 05-08 мамыр 2025 жыл.

Мониторинг түрі: қорытынды

Мониторингке қатысушылар: «Жұлдызай» кіші, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды тобы.

Барлық қатысқан балалар саны: 93 бала

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу -Ағарту Министрлігі Балаларды ерте дамыту институтымен әзірленген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» (2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттама) негізінде жүргізілді. Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау, балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау мазмұнынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

Мамыр айындағы қорытынды мониторингке жалпы 93 бала қатысты. Олар: «Жұлдызай» кіші тобы - 17 бала, «Қошақан» ортаңғы тобы - 22 бала, «Еркежан» ересек тобы - 22 бала; «Ботақан» мектепалды тобында - 18 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша: жоғары деңгей- 94%, орташа деңгей - 6%-ды, төмен деңгей - 0 %; коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша: жоғары деңгей- 89%, орташа деңгей- 11%, төмен деңгей- 0%-ды; танымдық және зияткерлік дағдылар - жоғары деңгей- 90%, орташа деңгей- 10%, төмен деңгей- 0%-ды; шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекетін дамыту - жоғары деңгей- 95%, орташа деңгей- 5%, төмен деңгей- 0 %- ды; әлеуметтік - эмоционалды дағдылар - жоғары деңгей- 95%, орташа деңгей- 5 %, төмен деңгей- 0% құрады. Жалпы бағдарламаны игеру бойынша жоғары деңгей – 93 орташа деңгей- 7% төмен деңгей- 0% құрап отыр.

Аралық мониторингпен салыстырғанда қорытынды кезеңде тәрбиеленушілердің жалпы бағдарламаны игеру бойынша жоғары деңгей 10%-ға, орташа деңгей- 10 % -ға көтерілді.

Қорытынды: Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып: жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр дағдыларды дамыту бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру бойынша балалармен жеке жұмыстар жүргізілсін.



Әдіскер Едильбаева Б.А.